



ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ: **КПО бизнес қағидалары**

## Қысқаша сипаттама

КПО өз қызметін көпшілікке танылған құндылықтар мен КПО бизнес қағидалары негізінде жүзеге асырады.

КПО бизнес қағидалары қызмет жүргізу барысында Компания басшылыққа алатын негізгі іскерлік аспектілерді айқындап, қызметті атқару мен этикалық тәртіптің жоғары стандарттарын белгілейді. Мүдделі тараптарымыз, соның ішінде мердігерлеріміз бен жеткізушілеріміз КПО бизнес қағидаларын құрметтейді және орындайды деп сенеміз.

## Мазмұны

<b>БАСЫЛЫМДАРДЫ ТІРКЕУ</b>	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
<b>ҚҰЖАТТЫ РАСТАУ</b>	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
<b>RACIE БОЙЫНША ЖАЗБА</b>	ERROR! BOOKMARK NOT DEFINED.
<b>ҚЫСҚАША СИПАТТАМА</b>	2
<b>МАЗМҰНЫ</b>	7
<b>КПО БИЗНЕС ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	4
<b>1-ҚАҒИДА: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>	4
<b>2-ҚАҒИДА: БИЗНЕСТІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ</b>	4
<b>3-ҚАҒИДА: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰСТАР</b>	4
<b>4-ҚАҒИДА: ЖҰМЫСКЕРЛЕР</b>	5
<b>5-ҚАҒИДА: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР</b>	5
<b>6-ҚАҒИДА: АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ</b>	5
<b>7-ҚАҒИДА: НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b>	5
<b>8-ҚАҒИДА: САЯСИ ҚЫЗМЕТ</b>	6

## **КПО БИЗНЕС ҚАҒИДАЛАРЫ**

КПО өз қызметін көпшілікке танылған құндылықтар мен КПО бизнес қағидалары негізінде жүзеге асырады.

КПО бизнес қағидалары қызмет жүргізу барысында Компания басшылыққа алатын негізгі іскерлік аспектілерді айқындап, қызметті атқару мен этикалық тәртіптің жоғары стандарттарын белгілейді. Мүдделі тараптарымыз, соның ішінде мердігерлеріміз бен жеткізушілеріміз КПО бизнес қағидаларын құрметтейді және орындайды деп күтіледі.

### **1-ҚАҒИДА: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ**

- Біз көрсеткіштерімізді үздіксіз арттыру мақсатында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау салаларында жүйелі басқару тәсілдерін қолданамыз.
- Осы мақсатта аталған бағыттарды қызметіміздің маңызды аспектілері ретінде қарастырып, стандарттарды белгілеп, жақсартуға бағытталған мақсаттарды айқындап, тиісті шараларды іске асырамыз, сонымен қатар нәтижелерді бағалап, олар туралы сыртқы мүдделі тараптарға есеп береміз.
- Қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту жолдарын үздіксіз іздестіреміз.

### **2-ҚАҒИДА: БИЗНЕСТІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ**

- Біз қызметіміздің барлық аспектілерінде адалдық, мүлтіксіздік пен әділдік қағидаларын ұстанамыз, сондай-ақ осы талаптарды бізбен ынтымақтасатын барлық тараптардан күтеміз.
- Біз тікелей немесе жанама түрде пара ұсыну, беру, бопсалау немесе алу амалдарын мүлде құптамаймыз және мұндай әрекеттерге үзілді-кесілді қарсымыз.
- КПО жұмыскерлерінен жеке мүдделері мен компаниядағы кәсіби қызметі арасындағы мүдделер қақтығысына жол бермеуін талап етеміз. Кез-келген мүдделер қақтығысының ықтимал немесе іс жүзіндегі жағдайлары туралы КПО компаниясына уақтылы мәлімдеу қажет.
- Рәсімдеу үрдісін жеңілдету мақсатында ұсынылатын кез-келген төлем де пара ретінде қарастырылады және оған жол берілмейді.
- КПО атынан жүзеге асырылатын барлық іскерлік операциялар қолданыстағы заңнамаға, ішкі саясаттар мен этикалық нормаларға сай жүргізілуге тиіс.

### **3-ҚАҒИДА: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰСТАР**

- Ұзақ мерзімді табыстылықты қамтамасыз ету іскерлік мақсаттарымызға жетудің, сондай-ақ акционерлеріміз бен Қазақстан Республикасы үшін тиімді жағдайлар туғызудың елеулі факторы болып табылады.
- Біз қолданыстағы бәсекелестік туралы заңнама шеңберінде әділ әрі әдепті бәсекелесуге ұмтыламыз.

- Инвестициялар мен активтерді иеліктен шығару туралы шешім қабылдау критерийлері тұрақты даму (экономикалық, әлеуметтік және экологиялық) және инвестициялық қатерлерді бағалауды қамтиды.

#### **4-ҚАҒИДА: ЖҰМЫСКЕРЛЕР**

- Біз өзара қарым-қатынасты құрмет, адалдық және сыйластық қағидаттары негізінде қалыптастырамыз.
- Біз жұмыскерлеріміздің, сондай-ақ қызмет жүзеге асырылатын өңірлердегі жергілікті тұрғындардың мәдени әр алуандығын құрметтейміз және қолдаймыз.
- Біз тұлғалардың жеке ерекшеліктерін, сенімдерін, дағдылары мен кәсіби тәжірибесінің әртүрлілігін жоғары бағалаймыз.

#### **5-ҚАҒИДА: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР**

- Біз өз қызметіміз жүзеге асырылатын өңірлердегі тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға тікелей немесе жанама түрде үлес қоса отырып, тату көршілікке негізделген тұрақты қарым-қатынасты нығайтамыз.
- Біз мемлекеттік органдармен, акционерлермен, бизнес-серіктестермен және жергілікті қоғаммен тиімді, ашық және өзара сенімге негізделген ынтымақтастық орнатамыз.
- Біз адал, алға қадам басатын және бизнес құпиялығы шеңберінде ашық болуға ниеттіміз.
- Біз қызметіміздің әлеуметтік әсерін мұқият басқарып, жергілікті қауымдастықтар үшін оң әсерді арттыру, сондай-ақ ықтимал теріс салдарды азайту мақсатында тиісті тараптармен бірлесіп жұмыс істейміз.

#### **6-ҚАҒИДА: АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ**

- Біз барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалог орнату мен өзара іс-қимылды қолдаудың аса маңыздылығын түсінеміз.
- Біз іскерлік құпиялылыққа қойылатын талаптарды ескере отырып, заңды мүдделі тараптарға толық тиісті ақпарат беруге, өз қызметіміз туралы есеп беруге міндеттенеміз.
- Жұмыскерлерімізбен, бизнес-серіктестерімізбен және жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынас барысында туындайтын мәселелерге көңіл бөлуге және оларға тиісінше әрі жауапкершілікпен қарауға тырысамыз.

#### **7-ҚАҒИДА: НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

- Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің қолданыстағы барлық заңдары мен ережелерін сақтауға міндеттенеміз.

## **8-ҚАҒИДА: САЯСИ ҚЫЗМЕТ**

### **Корпоративтік тәртіп:**

- Біз саяси партияларға, ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне төлем жасамаймыз және партиялық саясатқа қатыспаймыз.
- Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу барысында біз компанияға, жұмыскерлерімізге, тұтынушыларымызға, акционерлерімізге және жергілікті қауымдастықтарға қатысты мәселелер бойынша өз ұстанымымызды құндылықтарымызға, бизнес қағидаттарымызға және этикалық стандарттарымызға сәйкес жеткізуге құқылы және жауаптымыз.

### **Жұмыскерлердің қоғамдық немесе мемлекеттік қызметке қатысуы:**

- КПО жұмыскерлері қоғамдық іс-шараларға, соның ішінде мемлекеттік қызметке сайлануға қатысуға құқылы, алайда бұл олардың компаниядағы қызметтік міндеттерін орындауына қайшы келмеуі, сондай-ақ жергілікті жағдайлар мен қолданыстағы заңнама талаптарына сай болуға тиіс.